

Шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Егіндібұлақ ауылдық округінің әкімінің 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 4 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 27 желтоқсанда № 5095 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңдарына сәйкес, Егіндібұлақ ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Ірі қара малдың бруцеллез ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық-санитарлық іс-шараларды жүргізуіне байланысты, Егіндібұлақ ауылдық округі Егіндібұлақ ауылының Айтбаев және Ахметов көшелерінің аумағында белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Қарқаралы ауданының Егіндібұлақ ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 24 қарашадағы № 1 "Егіндібұлақ ауылдық округінің Егіндібұлақ ауылындағы Ахметов және Айтбаев көшелері аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4457 болып тіркелген, 2017 жылғы 09 желтоқсандағы № 99-100 (11620) "Қарқаралы" газетінде, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкісінде 2017 жылы 08 желтоқсанда электрондық түрде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Егіндібұлақ ауылдық
округінің әкімі

М. Мадикенова

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы
Министірлігі ветеринариялық бақылау және
қадағалау комитетінің Қарқаралы аудандық
аумақтық инспекциясы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы
Т.Ж. Копжасаров